ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 12 сәуір №5265-24-00-2/697 іс Шымкент қаласы

Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты Г.Ж.Жолбарыс төрағалығымен оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасның шаруашылық жүргізу құқығындағы «Жедел медициналық жәрдем көрсету станциясы» мемлекеттік коммуналық кәсіпорын (әрі қарай – «Жедел медициналық жәрдем көрсету станциясы» МКК)

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер Әлібек Асқарұлы Кобей (әрі қарай- ЖК Ә.Кобей)

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2. Тұрақсыздық айыппұл өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:
Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 147, 223-226, 229 -баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШТІ:

Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасның шаруашылық жүргізу құқығындағы «Жедел медициналық жәрдем көрсету станциясы» МКК-ның талап қоюы – қанағаттандырылсын.

ЖК Әлібек Асқарұлы Кобей мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

ЖК Әлібек Асқарұлы Кобейден (ЖСН 940 825 301 970) Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасның шаруашылық жүргізу құқығындағы «Жедел медициналық жәрдем көрсету станциясы» МКК-ның пайдасына тұрақсыздық айыппұл 211 880 (екі жүз он бір мың сегіз жүз сексен) теңге, мемлекеттік баж салығы 6356,4 (алты мың үш жүз елу алты теңге төрт тиын) теңге өндірілсін.

Документ подписан: Жолбарыс Г. Ж., 12.04.2024
Дата вступления в законную силу: 21.05.2024, судья Жолбарыс Г. Ж., 21.05.2024
5265-24-3-1/743

ЖК Әлібек Асқаруұлы Кобейден (ЖСН 940 825 301 970) мемлекеттің пайдасына мемлекеттік баж салығы 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде Шымкент қалалық сотының апелляциялық сот алқасына Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы шағым, прокурор өтінішхат келтіруге ерікті.

Судья Г.Ж.Жолбарыс

Документ подписан: Жолбарыс Г. Ж., 12.04.2024

Дата вступления в законную силу: 21.05.2024, судья Жолбарыс Г. Ж., 21.05.2024

«Төрелік» ақпараттық жүйесі - Сот өндірісі - Судопроизводство - Информационная система «Төрелік»

5265-24-3-1/743